

«Амир 07» ЖШС

ТОО «Амир 07»

“Аманат” жеке балабақшасы

частный детский сад “Аманат”

БҰЙРЫҚ № 46

28.08.2025 ж.

«Педагогикалық кеңес құрамын жасақтау туралы»

2025–2026 оқу жылында педагогикалық кеңестің жұмысын жүйелі ұйымдастыру мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Педагогикалық кеңестің құрамы төмендегідей құрамда бекітілсін:

1) Төрайым: А.А.Бергеналиева

2) Хатшысы: Ж.Ж.Суйешова

3) Мүшелері: балабақша педагогтері мен мамандары.

2. Педагогикалық кеңес өз қызметін бекітілген жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырсын.

3. Педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамалары белгіленген тәртіппен және уақытылы жүргізілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Менгеруші



А.А.Бергеналиева



«Бекітемін»
жеке балабақшасы
менгерушісі:
А.Бергеналиева

2025-2026 оқу жылының педагогикалық кеңес кестесі

Педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу

Мақсаты: Тәрбие-оқыту процесінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсендету, практикада педагогикалық ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені қолдану, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтардың жаңа пікірлерімен толықтыру.

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
I	<p>№1 педагогикалық кеңес «2025–2026 оқу жылындағы бөбекжайдың тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары»</p> <p>Мақсаты: «Жаңа оқу жылында тәрбие мен оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру»</p> <p>1. «Білім келешегі: адал азамат – кәсіби маман» 2. 2025–2026 оқу жылына арналған құжаттарды талқылау және бекіту: - Жылдық мақсаттар мен міндеттерді нақтылау - Оқу жоспары бекіту - Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің үлестірілу кестесін талдау - Перспективалық жоспарларды жүйелеу - Топтардағы күн тәртібін нақтылау 3. Педагогикалық тренинг: <i>«Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс»</i></p>	Қыркүйек	Менгеруші, Әдіскер, педагогтер
II	<p>№2 Педагогикалық кеңес: «Ойын арқылы тіл дамыту – баланың таным көкжиегін кеңейтудің негізі»</p> <p>Мақсаты: Балалардың сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін дамытуда ойын түрлерінің тиімді әдіс-тәсілдерін қарастыру.</p> <p>Міндеттері: - Қатынас саласы бойынша жұмыс сапасын талдау; - Тәрбиешілердің іс-тәжірибесін талдау арқылы әдістемелік қолдау көрсету; - Сөйлеуді дамытуға бағытталған ойындармен таныстыру.</p> <p>Күн тәртібі: 1. Баяндамалар 2. Мониторинг нәтижелері 3. Тәжірибе алмасу (тәрбиешілер сөзі) 4. Қорытынды, шешімдер</p>	Желтоқсан	Менгеруші, Әдіскер, педагогтер
III	<p>№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Балабақша мен әлеуметтік серіктестер (ата-ана, мектеп)</p>	Ақпан	Менгеруші, Әдіскер,

	<p align="center">арасындағы ынтымақтастық: баланың ортаға бейімделуін қолдау»</p> <p>Мақсаты: Балабақша мен отбасы, мектеп арасындағы өзара іс-қимылды күшейту арқылы баланың әлеуметке бейімделуіне, әлеуметті-педагогикалық қолдау көрсетуге жағдай жасау.</p> <ol style="list-style-type: none"> №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу есебі «Әкелер мектебі» жобасы – отбасы рөлін нығайтудың бір жолы «Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру» 		педагогтер
IV	<p>№4 Педагогикалық кеңес тақырыбы: «Баланың жан-жақты дамуына бағытталған дамытушы орта құру – сапалы тәрбиенің кепілі»</p> <p>Мақсаты: Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай дамытушы ортаны тиімді ұйымдастыру жолдарын қарастыру. Міндеттері: - Дамытушы ортаның талаптарға сай ұйымдастырылуын саралау; - Тәрбиешілердің шығармашылық әлеуетін арттыру; - Баланың еркін дамуына жағдай жасау жолдарын көрсету.</p> <p>Күн тәртібі: 1. Баяндамалар (Дене, Таным, Шығармашылық бағыттары бойынша) 2. Фото/видео таныстырылым 3. Ашық ой – пікір алмасу 4. Шешім қабылдау</p>	Сәуір	Менгеруші, Әдіскер, педагогтер
V	<p>№5 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Нәтиже мен тәжірибе – дамуға бастар жол»</p> <p>Мақсаты: МДМ-дегі барлық іс-әрекеттердің нәтижесін және әр педагогтың жеке жұмысын қорытындылау, тәрбие-білім беру үдерісін талдау. Өткізу түрі: Педагогикалық идеялар жәрмеңкесі Күн тәртібі: 1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы 2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп, тәрбиешілердің жұмыстарының есебі 3. 2025–2026 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика) 4. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау 5. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту 6. Қорытынды-тренинг: «Өсу мен өзгеріс жолында»</p>	Мамыр	Менгеруші, Әдіскер, педагогтер

**«Аманат» жеке балабақшасы
№1 педагогикалық кеңесінің хаттамасы**

Тақырыбы:

«2025–2026 оқу жылындағы балабақшаның тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары»

Өткізілген күні: 5 қыркүйек, 2026 жыл
Өткізілген орны: «Аманат» балабақшасы
Қатысқандар: 8 педагог
Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «2025–2026 оқу жылындағы балабақшаның тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары»
«Білім келешегі: адал азамат – кәсіби маман»
2. 2025–2026 оқу жылына арналған құжаттарды талқылау және бекіту:
 - Жылдық мақсаттар мен міндеттер
 - Оқу жоспары
 - Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің үлестірілу кестесі
 - Перспективалық жоспарлар
 - Топтардың күн тәртібі
3. Педагогикалық тренинг:
«Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс»

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі **Бергеналиева Айдана Асылбековна** сөз алып, 2025–2026 оқу жылындағы тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттарымен таныстырды.

Жаңа оқу жылындағы негізгі бағыт – тәрбие мен оқытуды үйлестіре отырып, адал, жауапты, білімді тұлға қалыптастыру екені атап өтілді.

«Білім келешегі: адал азамат – кәсіби маман» тақырыбы аясында:

- балалардың адамгершілік құндылықтарын дамыту
- ұлттық тәрбие элементтерін енгізу
- шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін арттыру
- қауіпсіздік пен психологиялық қолдау жұмыстарын күшейту

қажеттілігі айтылды.

2-мәселе бойынша:

Тыңдалды:

Әдіскер Суйешова Жазира Жангелдіқызы 2025–2026 оқу жылына арналған негізгі құжаттарға тоқталды.

Қарастырылды:

- Жылдық мақсаттар мен міндеттер – нақты, өлшенетін нәтиже арқылы жоспарланды
- Оқу жоспары – мемлекеттік стандартқа сәйкес ұсынылды
- ҰОҚ (ұйымдастырылған оқу қызметі) кестесі – жас ерекшелігіне сай құрастырылды
- Перспективалық жоспарлар – жүйеленіп, бірізділік сақталған
- Күн тәртібі – балалардың денсаулығы мен дамуына сәйкес реттелген

Педагогтар тарапынан ұсыныстар айтылып, толықтырулар енгізілді.

3-мәселе бойынша:

Тыңдалды:

Әдіскер Суйешова Жазира Жангелдіқызы «Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс» тақырыбында тренинг өткізді.

Тренинг барысында:

- педагогтардың кәсіби құзыреттіліктері
- заманауи педагогтың бейнесі
- эмоционалды күйді басқару
- күйзелістің алдын алу
- мотивацияны арттыру

бойынша практикалық тапсырмалар орындалды. Педагогтар белсенді қатысып, өз ойларымен бөлісті.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. 2025–2026 оқу жылындағы тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары бекітілсін.

2. «Білім келешегі: адал азамат – кәсіби маман» бағыты негізге алынсын.

3. Ұсынылған барлық құжаттар:

- жылдық жоспар
- оқу жоспары
- ҰОҚ кестесі
- перспективалық жоспарлар
- күн тәртібі

бекітілсін және жұмысқа енгізілсін.

Төрайымы  А.А.Бергеналиева

Хатшы:  Ж.Ж.Суйешова

**«Аманат» жеке балабақшасы
№2 педагогикалық кеңесінің хаттамасы**

Тақырыбы:

«Ойын арқылы тіл дамыту – баланың таным көкжиегін кеңейтудің негізі»

Өткізу күні: 19 желтоқсан 2025 ж.

Өткізу орны: «Аманат» жеке балабақшасы

Қатысқандар: 6 педагог

Қатыспағандар: 2 (себепті)

Төрайымы: Балабақша меңгерушісі А.Бергеналиева

Хатшы: әдіскер Ж.Суйешова

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Баяндамалар
2. Мониторинг нәтижелері
3. Тәжірибе алмасу (тәрбиешілер сөзі)
4. Қорытынды, шешімдер

1-МӘСЕЛЕ: Баяндамалар

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Ж.Суйешова *«Ойын арқылы тіл дамыту – баланың таным көкжиегін кеңейтудің негізі»* тақырыбында баяндама жасады.

Баяндама барысында:

- Мектепке дейінгі ұйымдардағы тіл дамыту жұмысының маңыздылығы;
- Қатынас саласының негізгі бағыттары (сөйлеу мәдениеті, сөздік қор, байланыстырып сөйлеу, дыбыстық мәдениет);
- Ойын технологиясының педагогикалық мүмкіндіктері;
- Сюжеттік-рөлдік, дидактикалық, қимылды және театрландырылған ойындардың тиімділігі;
- Балалардың сөздік қорын байытуда заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану (интерактивті ойындар, мнемотехника, QR-код элементтері) туралы айтылды.

Сөйледі:

Тәрбиеші А.А.Абдрешова – ойын арқылы сөйлеуді дамыту баланың еркін қарым-қатынас жасауына, өз ойын толық жеткізуіне ықпал ететінін атап өтті.

2-МӘСЕЛЕ: Мониторинг нәтижелері

Тыңдалды:

Әдіскер Ж.Суйешова 2025–2026 оқу жылының I жартыжылдығы бойынша қатынас саласына жүргізілген мониторинг нәтижелерімен таныстырды.

Нәтижелер бойынша:

- Жоғары деңгей – 50%
- Орта деңгей – 35%
- Төмен деңгей – 15%

Талдау барысында кейбір топтарда байланыстырып сөйлеу және дыбысты дұрыс айту көрсеткіштері төмен екені анықталды.

Ұсыныстар:

- Сөйлеу белсенділігін арттыруға бағытталған ойындарды жүйелі енгізу;
- Жеке жұмыс жоспарын күшейту;
- Ата-аналармен бірлескен тіл дамыту шараларын ұйымдастыру.

3-МӘСЕЛЕ: Тәжірибе алмасу

Тыңдалды:

- 1.Тәрбиеші А.Пазыл – «Сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы байланыстырып сөйлеуді дамыту» тақырыбында өз іс-тәжірибесімен бөлісті.
- 2.Тәрбиеші Г.С.Тулегенова – «Дидактикалық ойындар арқылы сөздік қорды байыту» бағытындағы жұмыстарын көрсетті.
- 3.Тәрбиеші А.А.Абрешова – театрландырылған ойындардың балалардың тілін дамытудағы рөлі туралы айтты.

4-МӘСЕЛЕ: Қорытынды және шешімдер

Педагогикалық кеңес төмендегідей ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Қаулы етті:

- 1.Қатынас саласы бойынша жүргізілетін жұмыстарда ойын технологияларын жүйелі түрде қолдану.
- 2.Әр топта сөйлеуді дамытуға арналған ойын картотекасын жаңарту (мерзімі: 25.12.2025ж).
- 3.Төмен деңгей көрсеткен тәрбиеленушілермен жеке жұмыс жоспарын әзірлеу.
- 4.Ата-аналарға арналған «Ойын арқылы тіл дамыту» тақырыбында шеберлік сағатын ұйымдастыру.
- 5.ІІ жартыжылдықта тіл дамыту көрсеткіштеріне қайта мониторинг жүргізу.
- 6.Тәрбиешілердің үздік тәжірибесін балабақшаішілік семинарда тарату.

Төрайымы:

Хатшы:



А.А.Бергеналиева

Ж.Ж.Суйешова

«Аманат» жеке балабақшасы
№3 педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Тақырыбы:

«Балабақша мен әлеуметтік серіктестер (ата-ана, мектеп) арасындағы ынтымақтастық: баланың ортаға бейімделуін қолдау»

Мақсаты:

Балабақша мен отбасы, мектеп арасындағы өзара іс-қимылды күшейту арқылы баланың әлеуметке бейімделуіне, әлеуметті-педагогикалық қолдау көрсетуге жағдай жасау.

Өткізілген күні: 20 ақпан 2026 жыл

Өткізілген орны: «Аманат» жеке балабақшасы

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, педагог-мамандар

Қатыспағандар: 1 педагог

Күн тәртібі:

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу есебі
2. «Әкелер мектебі» жобасы – отбасы рөлін нығайтудың бір жолы
3. Баяндама: «Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру»

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС БАРЫСЫ

1-мәселе:

Тыңдалды:

Балабақша әдіскері Ж.Суйешова №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берді.

Есеп барысында келесі жұмыстар атқарылғаны айтылды:

- Тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында әдістемелік семинарлар ұйымдастырылды;
- Балалардың тіл дамыту, танымдық белсенділігін арттыру бағытында ойын технологиялары қолданылды;
- Ата-аналармен байланыс нығайтылып, ата-аналар жиналыстары мен ашық іс-шаралар өткізілді;
- Балалардың психологиялық жай-күйін бақылау бойынша психолог тарапынан жұмыстар жүргізілді.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде педагогтердің тәжірибе алмасуы күшейіп, ата-аналармен байланыс жақсарғаны атап өтілді.

Сөйлегендер:

Тәрбиеші А.Өмірбай жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде балалардың белсенділігі артқанын айтты.

Шешімі:

1. №2 педагогикалық кеңестің шешімдері орындалды деп есептелсін.
2. Жүргізілген жұмыстарды жалғастыру ұсынылсын.
3. Педагогтердің тәжірибе алмасуын тұрақты ұйымдастыру әдіскерге жүктелсін.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды:

Тәрбиеші А.Пазыл «Әкелер мектебі» жобасы туралы баяндама жасады.

Баяндамада әкенің бала тәрбиесіндегі рөлі ерекше екендігі атап өтілді. Жоба аясында келесі жұмыстар ұйымдастырылатынын жоспарымен таныстырды:

- Әкелермен кездесу және дөңгелек үстелдер;
- Спорттық жарыстар;
- «Әке мен бала» бірлескен іс-шаралары;
- Тәрбиелік тренингтер.

Жобаның мақсаты – әкелердің бала тәрбиесіне белсенді қатысуын арттыру және отбасы құндылықтарын нығайту.

Сөйлегендер:

Педагог А.Б.Габдуалиева әкелердің балабақша өміріне қатысуы балалардың эмоционалдық дамуына оң әсер ететінін айтты.

Шешімі:

1. «Әкелер мектебі» жобасы балабақшада жүйелі түрде жүргізілсін.
2. Әкелерді қатыстыру арқылы бірлескен тәрбиелік іс-шаралар жоспары жасалсын.
3. Жоба нәтижелері тоқсан сайын талданып отырсын.

3-мәселе бойынша

Тыңдалды:

А.А.Абдрешова «Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндамада балалардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру ерте жастан басталуы керектігі айтылды.

Педагогтерге келесі ұсыныстар берілді:

- Балалар құқығы туралы түсінікті ойын арқылы түсіндіру;
- Тәрбие сағаттары мен әңгімелер өткізу;
- «Менің құқығым» тақырыбында көрнекіліктер қолдану;
- Ата-аналармен бірлескен жұмыстар жүргізу.

Сөйлегендер:

Тәрбиеші А.Өмірбай құқықтық тәрбие балалардың өзін қорғау қабілетін қалыптастыратынын атап өтті.

Шешімі:

1.Балалардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілсін.

2.Құқықтық тәрбиеге арналған әдістемелік материалдар педагогтерге ұсынылсын.

3.Ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылсын.

ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМ

1.Балабақша мен ата-ана, мектеп арасындағы ынтымақтастықты дамыту жұмыстары жалғастырылсын.

2.Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін педагогтердің тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылсын.

3.Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау балабақша әкімшілігіне жүктелсін.

Төрайымы:  А.А.Бергеналиева

Хатшы: _____ Ж.Ж.Суйешова

**«Аманат» жеке балабақшасы
№4 педагогикалық кеңесінің хаттамасы**

Тақырыбы:

«Баланың жан-жақты дамуына бағытталған дамытушы орта құру – сапалы тәрбиенің кепілі»

Мақсаты:

Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай дамытушы ортаны тиімді ұйымдастыру жолдарын қарастыру.

Міндеттері:

- Дамытушы ортаның талаптарға сай ұйымдастырылуын саралау;
- Тәрбиешілердің шығармашылық әлеуетін арттыру;
- Баланың еркін дамуына жағдай жасау жолдарын көрсету.

Өткізілген күні: 24 сәуір 2026 жыл

Өткізілген орны: «Аманат» жеке балабақшасы

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, педагог-мамандар

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібі:

1. Баяндамалар (Дене, Таным, Шығармашылық бағыттары бойынша)
2. Фото/видео таныстырылым
3. Ашық ой – пікір алмасу
4. Ағымдағы мәселелер

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС БАРЫСЫ

1-мәселе:

Баяндамашы А.Өмірбай баланың жан-жақты дамуына бағытталған дамытушы ортаның маңыздылығы туралы баяндады. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған орта олардың танымдық, дене және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететіні айтылды. Дамытушы ортаны ұйымдастыруда қауіпсіздік, қолжетімділік, мазмұндылық және жаңашылдық қағидаларын сақтау қажеттілігі атап өтілді.

2-мәселе бойынша

Сөз сөйлеген тәрбиеші А.Габдуалиева педагогтер тарапынан топтардағы дамытушы ортаның ұйымдастырылуы бойынша фото және бейнематериалдар таныстырылды. Әр топтағы оқу-тәрбие процесіне арналған орталықтардың жұмысы көрсетіліп, тиімді тәжірибелермен бөлісті.

3-мәселе бойынша

Сөз сөйлеген тәрбиеші А.Пазыл педагогтер дамытушы ортаны жетілдіру, балалардың қызығушылығын арттыру, жаңа дидактикалық құралдарды пайдалану және ата-аналарды орта құру жұмыстарына тарту жөнінде өз пікірлерін білдірді.

4-мәселе бойынша

Мектепке дейінгі ұйымның ағымдағы жұмыстары туралы ақпарат берілді. Топтардағы құжаттардың жүргізілу сапасы, жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық, қауіпсіздік талаптарын сақтау, санитарлық-гигиеналық нормалардың орындалуы және ата-аналармен жүргізілетін жұмыстардың жай-күйі талқыланды. Сонымен қатар тәрбиеленушілердің жаз мезгіліндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, серуен алаңдарын ретке келтіру және жазғы іс-шаралар жоспарын сапалы ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

Қаулы етті:

1. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы ортаны ұйымдастыру жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Дене, таным, шығармашылық бағыттары бойынша ұйымдастырылған ортаның тиімділігіне тұрақты мониторинг жүргізілсін.
3. Педагогтердің шығармашылық әлеуетін арттыру мақсатында тәжірибе алмасу, шеберлік сағаттары ұйымдастырылсын.
4. Ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспарының сапалы орындалуын қамтамасыз етілсін.

Төрайымы:

Хатшы:



А.А.Бергеналиева

Ж.Ж.Суйешова

«Аманат» жеке балабақшасы
№5 педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Тақырыбы:

«Нәтиже мен тәжірибе – дамуға бастар жол»

Мақсаты: МДМ-дегі барлық іс-әрекеттердің нәтижесін және әр педагогтың жеке жұмысын қорытындылау, тәрбие-білім беру үдерісін талдау.

Өткізілген күні: 27 мамыр 2026 жыл

Өткізілген орны: «Аманат» жеке балабақшасы

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, педагог-мамандар

Қатыспағандар: 0 педагог

Күн тәртібі:

1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы
2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп, тәрбиешілердің жұмыстарының есебі
3. 2025–2026 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика)
4. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау
5. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту
Қорытынды-тренинг: «Өсу мен өзгеріс жолында»

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС БАРЫСЫ

І-мәселе:

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша сөз сөйлеген әдіскер Ж.Суйешова №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат берді. Топтардағы дамытушы ортаны жетілдіру, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру және балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау бағытындағы жұмыстардың орындалғаны атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша сөз сөйлеген педагогтер мен тәрбиешілер жыл бойы атқарылған жұмыстардың қорытынды есебін ұсынды. Тәрбие-білім беру үдерісінде қол жеткізілген жетістіктер, өткізілген іс-шаралар мен инновациялық әдістер таныстырылды.

Үшінші мәселе бойынша сөз сөйлеген әдіскер Ж.Суйешова 2025–2026 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейіне жүргізілген диагностика нәтижелерімен таныстырды. Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік және шығармашылық даму көрсеткіштері сарапталды.

Төртінші мәселе бойынша сөз сөйлеген меңгеруші А.Бергеналиева аттестациядан өтуге ниет білдірген педагогтердің өтініштерімен таныстырып, қажетті құжаттарды қабылдау жұмыстары жүргізілгенін хабарлады.

Бесінші мәселе бойынша сөз сөйлеген әдіскер Ж.Суйешова жазғы сауықтыру кезеңіне арналған іс-шаралар жоспарын таныстырды. Балалардың қауіпсіздігін сақтау, денсаулығын нығайту және бос уақытын тиімді ұйымдастыру бағытындағы жұмыстар талқыланды.

Алтыншы мәселе бойынша педагогтер «Өсу мен өзгеріс жолында» атты қорытынды тренингке қатысып, оқу жылы барысында жинақталған тәжірибелерімен бөлісті, алдағы оқу жылына ұсыныстарын білдірді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімдері толық орындалды деп есептелінсін.
2. Педагогтердің 2025-2026 оқу жылындағы жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
3. Балалардың негізгі күзіндеттіліктерінің қалыптасу деңгейі бойынша жүргізілген диагностикалық жұмыстардың қорытындылары назарға алынсын.
4. Аттестациядан өтуге өтініш білдірген педагогтердің құжаттары белгіленген тәртіппен рәсімделіп, тиісті орындарға жолдансын.
5. Жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітіліп, оның сапалы орындалуы қамтамасыз етілсін.
6. Келесі оқу жылында тәрбие білім беру жұмыстарының сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын. Осы қаулының орындалуын бақылау МДҰ меңгеруші мен әдіскерге жүктелсін.

Төрайымы:

А.А.Бергеналиева

Хатшы:

Ж.Ж.Суйешова

